



Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 10 сәуірдегі № 269 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 сәуірде № 5622 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңдарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары К.Турлыбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

" К Е Л І С І Л Д І "

| | | | |
|-------------------------------|-------------------|-------------|-----------------|
| Б а т ы с | Қ а з а қ с т а н | о б л ы с ы | п о л и ц и я |
| д е п а р т а м е н т і н і ң | | | Б ә й т е р е к |
| а у д а н ы н ы ң | п о л и ц и я | | б ө л і м і |
| б а с т ы ғ ы н ы ң | м і н д е т і н | | а т қ а р у ш ы |

_____ М . Қ и я с о в

"26" ақпан 2019 жыл

Бәйтерек ауданы әкімдігінің
2019 жылғы 10 сәуірдегі
№ 269 қаулысына қосымша

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйлықақы беру.

Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Бәйтерек ауданы әкімдігімен құрылған қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстардың алдын алуда және жолын кесуде белсенді қолдау көрсеткен азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің Бәйтерек ауданының полиция бөлімі" (бұдан әрі – полиция бөлімі) ұсынады.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Көтермелеу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

Ақшалай сыйақының мөлшері.

6. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол, әдетте 10 айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

7. Ақшалай сыйақыны төлеу Полиция департаментінің облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Полиция бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.

9. Көтермелеуге ақы төлеуге қаражат Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.